# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 2 шілде № 5165-24-00-2/1508 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.А.Бейсембекова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Дара кәсіпкер «ЖК «Кемелбек Дәурен Әтірханұлы» атынан әрекет етуші Дәурен Әтірханұлы Кемелбек

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «ЖК «Кемелбек Дәурен Әтірханұлы» атынан әрекет етуші Дәурен Әтірханұлы Кемелбек мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «ЖК «Кемелбек Дәурен Әтірханұлы» атынан әрекет етуші Дәурен Әтірханұлы Кемелбектен мемлекет пайдасына 29 760 (жиырма тоғыз мың жеті жүз алпыс) теңге тұрақсыздық айыппұл, 2 740 (екі мың жеті жүз қырық) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 02.07.2024
Электрлік көшірмесі жасалды: 09.08.2024, Сулеева Байсембекова Д. А., 09.08.2024
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ОРМАН ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КІРІС № 326
«12» 08 2024 ж.

5165-24-3-1/1499

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **Д.А.Бейсембекова**

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 02.07.2024

Электронды нұсқасы 09.08.2024 Судья Бейсембекова Д. А. 09.08.2024